

«Болашақ» жоғары медициналық колледжінде жүргізілетін әдістемелік-ғылыми жұмыс

Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 583 бұйрығына негізге ала отырып, «Болашақ» жоғары медициналық колледжінде ғылыми-әдістемелік жұмыс бағыттары, оның ішінде өндірістегі зерттеу аясы, шығармашылық қызметті таңдау саясаты колледждің даму стратегиясына, маман оқытудағы миссиясына сәйкес келеді.

Оқытушылардың кәсіби қызметінің маңызды аспектісі студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін оқу-зерттеу жұмысын, оқу-ғылыми-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады. Колледжде білім алушылардың таным қызығушылығын, зияткерлік, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту үшін студенттердің оқу-зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Студенттердің ғылыми және шығармашылық қызметтерге араласуы оқуға деген қызығушылығын арттырады және мамандардың дайындық деңгейін көрсетеді.

Студенттердің оқу - зерттеу жұмысы пәндерді реферат дайындау, презентациялар, пациенттерге жетекшілік ету, ауру тарихын талдау, көрнекі құралдарды құру, тұрғындарға гигиеналық білім беру, санитарлық ағарту іс-шаралары сияқты зерттеу жұмысы элементтерімен тереңдетіп оқыту бойынша жүргізіледі.

Студенттерде зерттеу қызметі барысында мәселені көре білу; зерттеу мақсатын қалыптастыру; зерттеу бағдарламасын құру және болжам жасау; алынған деректерді талдау, деректер мен ғылыми және ғылыми-танымал әдебиеттерді әр түрлі әдістермен пайдалану қалыптасады.

Студенттердің оқу - зерттеу жұмысының жоғары сатысы оқу жылында жүргізілген барлық зерттеу жұмыстарының қорытындысы мен үйірмелер жұмысының қорытындысы бойынша өткізілетін ғылыми-тәжірибелік конференциясы болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері жыл сайынғы студенттер конференциясында баяндама түрінде ұсынылады.

Білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын пәндік үйірмелердегі жұмыс кезінде алады. Студенттердің оқу – зерттеу қызметі оқу процесінде білім алушылардың білімді, білік және дағдыларды меңгеруде, жеке тұлғаны қалыптастыруда жетекші рөл атқарады. Үйірме мүшелері кабинеттерінің жабдықталуы бойынша үлкен жұмыс жүргізеді.

Әр түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен ғылыми-практикалық конференцияларға жылдар бойы қатысу, оқу қызметінің түрлеріне зерттеу элементтерін енгізу, білім алушыларды көптеген қызмет түрлеріне қатысуға мүмкіндік жасау, олардың зияткерлік, танымдық белсенділік қабілетін қалыптастыру, болашақ маманның шығармашылық әлеуетін дамытудың тиімді құралы болып табылады.

Ғылыми - әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізілді:

- ✓ Оқытушылардың жеке әдістемелік жұмысы
- ✓ Педагогтардың ғылыми - зерттеу жұмысы
- ✓ Үздік педагогикалық тәжірибені тарату
- ✓ Студенттердің ғылыми жұмысына жетекшілік ету

Ғылыми-әдістемелік жұмыстарды басқару мен ұйымдастыру аясында төмендегі жұмыстар атқарылды:

- ✓ Нормативті-құқықтық қамтуды түзеу мен қалыптастыру
- ✓ Ғылыми-әдістемелік қызметтің іс-әрекеті
- ✓ Барлық құрылымдық бөлімшелерде ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру
- ✓ Ғылыми-әдістемелік қызметтің түрлі деңгейлеріндегі нәтиже критерийлерін әзірлеу;
- ✓ ПЦҚ қызметін бағалау құралдарын әзірлеу
- ✓ Педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру арқылы олардың біліктілігін көтеру жүйесін қалыптастыру .

Ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және басқару ғылыми-әдістемелік кеңес, пәндердің циклдік-әдістемелік комиссиялары арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеу жұмысы нәтижелері колледж оқу үрдісіне, өндірістік тәжірибеге, машықтандыру жұмыстарына енгізілді. Павлодар медициналық колледжі мен «Болашақ» жоғары медициналық колледжі әріптестік байланыс негізінде «Учебные пособие по терапии...с элементами этики» деп аталатын әдістемелік оқулық жарық көрді. «Ішкі аурулар», «Фармакология негіздері» және «Кәсіптік шет тілі» пәндері бойынша құрал ретінде қолдануда. Сонымен қатар «Болашақ» жоғары медициналық колледжі оқытушыларының және білім алушылармен бірге жүргізген жұмыстарының нәтижелері Ресей Федерациясы Казань қаласынан шығатын халықаралық «Молодой ученый» журналында, Қазақстан педагогтарының білімін дамыту және қолдау орталығы «Педагогика жанашыры» республикалық ғылыми журналында, «Болашақ» университетінің «Хабаршысы» журналында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған «Кәсіптік білім көкжиегі» газеттерінде жарияланып отыр.

Студенттердің іздену мақсатындағы жүргізілген жұмыстарының нәтижесінде дайындалған ғылыми жобалар мен баяндамалар облыстық және республикалық әр түрлі бағыттағы конференцияларға ұсынылып, жүлделі орындармен марапатталды.